

Он күнге ұласқан ұлы мерекені сезіндік

Биыл Ұлыстың ұлы күні «Наурызнама» онкүндігі аясында 14 наурыз – Көрісу айт күнінен басталып, 23 наурызға дейін жалғасты.

Жәңгір хан университетінің ұжымы осы онкүндік шеңберінде ұлы мерекені ұлықтап, түрлі іс-шаралар ұйымдастырды. Ерекше атап өтетін нәрсе – орталықтар мен құрылымдық бөлімдердің ұжым болып ұлттық киім киіп, мерекенің маңызын сезінуі.

Көрісу күнінде ұжымдағы жастар мен білім алушылар үлкендерге, ардагер ұстаздарға көрісіп, олардың батасын алды. Әр институтта мерекелік шаралар өткізіліп, ұлттық тағамдар мәзірі қойылды. Бұдан әрі атаулы күндермен жалғасқан онкүндікте «жәңгірхандықтар» қайырымдылық іс жасап, ұлттық салт-дәстүрлерді ұлықтап, ұлттық спорттық ойындардан сайысқа түсіп, жаңару және тазару іс-шараларын ұйымдастырды.

Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге бағытталған мерекелік онкүндік «Наурыз-думан» көпшілік іс-шарасымен түйінделді. Шараның салтанатты ашылуында құттықтау сөз алған Жәңгір хан университетінің басқарма төрағасы-ректор Асқар Наметов Көрісу айттан басталған «Наурызнама» онкүндігінің маңызына тоқталды.

Мерекелік концерттік бағдарламада білім ордасының «Тұмарым» вокалдық ансамблі, «Ерке-Нұр» ұлттық би ансамблі, «Нарын сазы» ұлттық аспаптар ансамблі өз өнерлерін көрсетіп, Ұлыстың ұлы күніне арналған театрландырылған көріністер қойылды. Сонымен қатар жиналған көпшілік арқан тартыс, асық ату, қол күресі, тоғызқұмалақ секілді ұлттық ойындар сайысына қатысты. Қолөнер шеберлерінің қолынан шыққан ұлттық бұйымдар көрмесін тамашалады. Бас ғимараттың фойесінде және Жәңгір хан музейінде қазақтың ұлттық тағамдары қойылған дастарханнан дәм татқан мереке қонақтары ризашылықпен тарқасты.



БӘРЕКЕЛДІ!

Вокалдық ұжымдар өнерлерімен мойындатты



Жәңгір хан университетінің қос бірдей шығармашылық ұжымы Біржан сал Қожағұлұлының 190 жылдығына арналған Қазақстан орындаушыларының республикалық байқауында топ жарды.



Атап айтсақ, өнер додасында «Көк бөрі» вокалдық ансамблі гран-при иегері атанса, «Тұмарым» вокалдық ансамблі I дәрежелі лауреат ретінде марапатталды. Орал қаласында өткен бұл байқауға 12 вокалдық ансамбль қатысып, өзара

сынға түскен. Вокалдық ұжымдардың жетекшісі Наурыз Қинешевтің айтуынша, «Тұмарым» өнерпаздары «Шіркін-ай» (Ұ.Жамалбек, Ж.Бұлғақов) және «Домбыра туралы толғау» (Б.Оралұлы, Ш.Сариев) әндерін орындаған. Ал

«Көк бөрі» әншілері «Дүр қамшы» (Ұ.Жамалбек, Б.Қуаныш) және «Көк бөрі» (А.Онайбайұлы, Д.Алдаберген) әндерімен жеңісті бағындырыпты.

– Бұған дейін «Тұмарым» университетішілік «Бірінші курс-2023» және

университетаралық «Жаңа толқын-2023» байқауларында бірінші орынды жеңіп алған еді. Алдағы уақытта бұл шығармашылық ұжымдарды басқа да байқауларға қатыстырып, шындай түскіміз келеді, – дейді Наурыз Салықұлы.

Ақпараттық технология саласындағы техникалық ағылшын тілі



2-б.

Эволюция поголовья сайгаков в Казахстане



3-б.

Media Club-қа келіңіз!



4-б.

Бүгінгі нөмірде:



Батыс Қазақстандағы егін шаруашылығының келелі мәселелері

Ауыл шаруашылығы – еліміздің экономикасының негізгі саласы болып табылады. Ал ауыл шаруашылығы саласының өзі өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы сияқты екі үлкен саладан тұрады.

Ішкі жалпы өнімінің басым бөлігін шикізат өнімдері құрайтын Қазақстан экономикасы шикізатқа тәуелді болып отыр. Сондықтан халқының жартысына жақыны ауылда тұратын елімізге ауыл экономикасын көтеру – басты мәселе.

Батыс Қазақстан облысында өсімдік шаруашылығының дәстүрлі бағыты – егін шаруашылығы. Бүгінгі күні облысымызда егістік көлемі 700 мың гектар шамасында. Егін шаруашылығы облыстың жауын-шашыны молдау, топырағының құнарлылығы жоғары бірқатар аудандарда ғана дамыған. Жалпы егістіктің жартысынан көбі екі ауданға тиесілі: Бәйтерек және Теректі аудандары – 330 мың гектардан асады.

Қазақстанның экономикасына едәуір әсері бар ауыл-



шаруашылығындағы экспорттық әлеуетті сала – егін шаруашылығы, оның ішінде – әсіресе бидай өндірісі. Соңғы 10 жылда Батыс Қазақстан облысында бидайдың жылдық орташа жалпы өнімі 188,7 мың т., ал өнімділігі гектарына 13,7 ц. болған. Оның ішінде жаздық бидайдың жалпы өнімі – 101,2 мың т., өнімділігі – 9,2 ц/га, күздік бидайдың бұл көрсеткіштері – 87,5 мың т. және 18,2 ц/га., демек жаздық бидаймен салыстырғанда күздік бидайдың әр гектарынан екі есе-

ге жақын жоғары өнімділік алуға болатынын көрсетеді. Осы талдап отырған мәліметтер егістіктің тиімділігін арттыру жолының бірі – егістікте күздіктердің үлесін мүмкіндігінше арттыру қажеттілігін көрсетеді.

Аталған мәселені өсімдік шаруашылығының тиімділігін арттыруға бағытталған саланы әртараптандырудың бір бағыты деп қарастыруға болады. Алайда саланы әртараптандыру егіс құрылымына жаңа дақылдарды да енгізу болып табылады. Облыста бұл бағытта жақсы тәжірибе бар.

Егін шаруашылығындағы басты маңызды мәселелердің бірі – егістікті қажетті сапалы тұқыммен қамтамасыз ету. Бүгінгі күні ауылшаруашылығы саласында егін шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлер өздеріне қажетті тұқымды өз беттерінше іздеп табуға мәжбүр. Бірақ бұндай жағдай дақылдарды сапалы тұқыммен тұрақты түрде қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан бүгінгі күннің маңызды мәселесінің бастысы – өлкемізде шаруаларды сапалы тұқыммен қамтамасыз



етуге бағытталған тұқым шаруашылығы жүйесін құру болып табылады.

Өңіріміздегі өсімдік шаруашылығы саласын тұрақтандырып, тиімділігін арттырудың келесі бір жолы – саланы әртараптандыру, яғни егістікте тек дәстүрлі санаулы ғана астық дақылдарын өсіріп қана қоймай, жаңа, бүгінгі күні сұранысқа ие дақылдарды да өсіру. Әрине, жаңа дақылдарды өсірудің тиімділігі оның беретін өнімі мен сапасының сұранысқа сәйкес болуы қажет. Оған қол

жеткізу үшін университет ғалымдары тауарөндірушілермен қоян-қолтық тығыз байланыста болулары тиіс.

Қорыта келгенде, жоғарыда айтылған келелі мәселелерді шешу үшін ғалымдардың зерттеулері ауылшаруашылығымен айналысып жүрген шаруалардың және кәсіпкерлердің қажеттіліктерімен тығыз байланыста болуы қажет.

Мәди ГАБДУЛОВ,
доцент, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты

Ақпараттық технология саласындағы техникалық ағылшын тілі

Заманауи қоғамда, ақпараттық технологиялардың даму кезеңінде техникалық ағылшын тілі көптеген салаларда кеңінен қолданылады. Бұл тек ақпараттық технология салаларында ғана емес, сонымен бірге машина жасау, инженерия, жобалау, өндіріс, экономика, сауда, медицина салаларын қамтиды. Сонымен қатар ғылыми ақпаратпен тиімді алмасуға ықпал ететін арнайы лексиканың көлемін арттыратын жаңа ғылыми-техникалық терминдер пайда болады.

Ғылыми тақырыптағы мәтінмен жұмыс жасай отырып, адам өзінің ана тілінде де ақпаратты түсінудің қиыншылығына тап болады. Сондықтан егер адамның мәтінге арналған қызмет саласында жеткілікті білімі болмаса, шет тіліндегі мәтінді түсініп қабылдауы қиын болады. Мұндай мәтіндерде біз көптеген аббревиатураларды, қысқартуларды, сөз тіркестерін, басқа материалдарға әртүрлі сілтемелерді кездестіреміз. Тиісінше, бірінші қадам – берілген мамандыққа сәйкес қажет техникалық ағылшын тілін анықтау. Бұл инженерлік салалар, медицина, дизайн саласы, өндіріс, құрастыру, материалдардың қасиеттері, құрылыс және сәулет, есептеу және өлшеу жұмыстарын жүргізуі мүмкін. Белгілі бір тақырыптың лексикасын білу – шет тіліндегі техникалық мәтінді түсінудің жалғыз шарты емес. Мұндай мәтіндерде көптеген күрделі грамматикалық құрылымдар бар, атап айтқанда, пассивті дауыс, инверсия, герундий формалары, сөз таптарының көпше түрлері, сандар, жазудағы математикалық белгілерді белгілеу т.б.. Олардың барлығы ақпаратты ұсынудың ресми стилін анықтайды және мәтін аударуды едәуір қиындатады. Грамматикалық құрылымдарды білу әрі дұрыс қолдану шет тіліндегі сауатты қарым-қатынастың негізін құрайды. Адам қай салада жұмыс істесе де, ағылшын тілін білу құнды дәреже екені нақ. Адам өзінің білім көздерін тек ана тілінде ғана емес, басқа тілде де байыту мүмкіндігіне ие болады. Қазіргі заманда аударманы күтудің қажеті жоқ, себебі кейбір аударма өз жұмысыңызда қолдану үшін ескірген ақпарат болуы мүмкін.

Ағылшын тілін білу маңызды



халықаралық жобаларға қатысуға мүмкіндік береді. Ақпараттық технологиялар саласындағы техникалық ағылшын тілін білу қызметкерлердің жұмыста өнімдірек болуына пайдасы мол, өйткені олар басшылармен қарым-қатынас жасауды, нұсқауларды түсінуді, әріптестерімен оңай ой бөлісуді жеңілдетеді. Төменде маманға кәсіби лексиканы білу қажет болатын жағдайлардың бірнеше мысалдары келтірілген:

- техникалық қолдау сұрайтын тұтынушының телефон қоңырауы;
- әріптестерімен іскерлік конференция;
- өнімді немесе белгілі бір компьютерлік бағдарламалық жасақтаманы түсіндіру үшін беделді тұтынушымен кездесу;
- тұтынушының компьютерге, серверге немесе басқа жабдыққа қатысты мәселе туралы электрондық поштасына жауап беру.

Шет тілін үйрену бес компонентті қамтиды: сөздік қор, грамматика, сөздің дұрыс айтылымы, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдылары. Сөздік қор – бес компоненттің ішіндегі назар аударарлық ең айқын дағдысы. Техникалық мамандар құжаттамада, жобалық сипаттамаларда қолданатын арнайы терминдер, өрнектер, жаргондар қарым-қатынас үшін қажет. Оқу – сөздік қорын кеңейтудің ең жақсы тәсілі. Бұл мамандыққа тікелей қатысты нақты әдебиеттерді ғана емес,

көркем әдебиеттерді, ақпараттық арналарды, журналдарды, блогтарды оқу керек. Оқу барысында біз бейтаныс лексикамен кездесеміз. Оны үйренудің және есте сақтаудың көптеген жолдары бар. Сіз сөздер мен сөз тіркестерін бөлек дәптерге жаза аласыз. Бұл лексиканың аудармасы шет тілін үйренушінің қалауына байланысты оқу процесінде немесе мәтінді оқығаннан кейін жүзеге асырылады. Егер тілді меңгеру деңгейі сөздіктің орнына тезаурусты қолдануға мүмкіндік берсе, онда бұл әдіс тиімдірек, өйткені біз жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің синонимдерін параллель көреміз. Техникалық терминологияны және жеке сөздер мен сөз тіркестерін білу – тапсырманың жартысы. Екінші жартысы – терминдерді басқа салалардағы адамдарға қарапайым сөздермен қалай түсіндіру керектігін білу. Себебі ақпараттық технология мамандары адам қызметінің барлық саласында жұмыс істейді.

Өз ойыңызды дұрыс, нақты және түсінікті түрде жеткізе білу үшін кез келген тілдің-грамматиканың негізін білу қажет. Грамматикалық ережелерді үйрену үшін оқулықтар, электронды ресурстар, анықтамалықтар қажет, онда техникалық ағылшын тіліне байланысты қолжетімді материалдар бар. Егер жаттығуларда техникалық бағыттағы лексика қолданылса, өте жақсы. Бұл грамматикалық дағдыларды

қолдануға ғана емес, сонымен қатар сөздік қорын жақсартуға пайдалы.

Сөздің дұрыс айтылуы – маңызды тілдік дағды. Қате айтылған сөз мүлдем басқа семантикалық мағынаны білдіретіні белгілі, кейде тіпті мүлдем орынсыз, дөрекі болуы ықтимал. Дұрыс айтылу мен интонацияны қалыптастыру шет тілінде дұрыс сөйлеуге ғана емес, сонымен қатар адамдардың назарын аударуға және сақтауға, сәйкесінше қарым-қатынасты тиімдірек етуге көмектеседі. Айтылымды жақсарту үшін сөздікті пайдаланып сөзді дұрыс айтқаныңызды тексеруіңіз керек. Айтылымның екі нұсқасын да (британдық және американдық) қолданған жақсы. Подкасттарды, жаңалықтарды, аудиокітаптарды тыңдау, шет тіліндегі фильмдерді көру – шетелдік сөйлеуді есту арқылы қабылдау тәсілдері. Сонымен қатар, бұл әдістердің барлығы сөздік қорын кеңейту, грамматикалық құрылымдарды зерттеу және оларды сөйлеу мен айтылу дағдыларында қолдану бойынша жұмысты біріктіреді. Сіз диктофонға жазу арқылы сөзді қаншалықты дұрыс айтқаныңызды тыңдай аласыз.

Кез келген шет тілін үйренудің түпкі мақсаты – сол тілде сөйлей білу. Жазбаша сөйлеу дағдылары ауызша сөйлеу дағдыларымен қатар дамиды. Біз жұмысқа қажетті дағдылар туралы айтып отырғандықтан, мұнда қарым-қатынас стилін, мәтін жазу форматын (электрондық пошта, сұраныс, презентация және басқа да көптеген форматтар) ескеру қажет. Біз тек оқу орындарында шет тілі сабақтарында ғана емес, сонымен қатар онлайн клубтарда да дамыта аламыз. Шет тілін меңгеру деңгейі әртүрлі адамдар үшін әртүрлі елдердің оқытушылары ұйымдастырған онлайн-әңгімелесулердің, қызығушылықтар мен қызмет салалары бойынша клубтардың көптеген мысалдары жетерлік. Ағылшын тілін үйрену процесінде кәсіби ерекшелікті есепке алу ақпараттық технологиялар, әдебиеттерді оқу саласында жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби маңызды терминологияны, тезаурусты меңгеруді қамтамасыз етеді.

Айгерім АЙДЫНҒАЛИЕВА,
Тілдерді дамыту орталығының оқытушысы, магистр




Эволюция поголовья сайгаков в Казахстане: от исчезновения к устойчивому восстановлению



На сегодняшний день существует два вида сайгаков, признанных международными конвенциями. Это *Saiga tatarica*, обитающий на территории Казахстана, Узбекистана и России, и *Saiga borealis*, обитающий в Монголии. По другим данным, в том и числе Международного союза охраны природы, эти животные являются подвидами *S. tatarica* с *Saiga tatarica tatarica*, обитающими в России, Казахстане и Узбекистане, и *Saiga tatarica mongolica* - в Монголии.

Антилопа сайга - парнокопытное млекопитающее из подсемейства настоящих антилоп, обитающее на просторах Центральной Азии, включая территории Казахстана. На территории Казахстана существуют три популяции *S. tatarica*: Бетпакдалинская популяция, обитающая в центральной части страны, Уральская популяция, которая обитает на северо-западе, и Устюртская популяция на юго-западном регионе.

Начиная с 1980 по 2020 год согласно данным различных организаций и отдельных исследователей, численность жи-



вотных трех популяций Казахстана варьировалась от 1 800 в 2003 г. до 510 000 голов в 1993 г.

Сайгаки, как характерные обитатели степей Казахстана, являются предметом внимания в течение многих десятилетий.

Эти уникальные и приспособленные к жизни в степи млекопитающие имеют ряд характерных черт: отличаются длинным, подвижным, изогнутым вниз носом, который служит для фильтрации и очистки вдыхаемого воздуха от пыли и бактерий в суровых степных условиях, а также является отличительной чертой у самцов во время брачного сезона. С помощью него животные издают специфические звуки для привлечения самок. Самцы также имеют характерные рога, изогнутые назад. Шерстяной покров животных может меняться в зависимости от сезона: летом он темнее, а зимой - светлее. Это служит как приспособление к окружающей среде и обеспечивает лучшую маскировку в степи.

S. tatarica tatarica является степным животным, предпочитая широкие степи, где они находят свою основную пищу в виде трав и низкорослых растений. Они мигрируют на большие расстояния в поисках лучших пастбищ и мест для размножения.

В свою очередь также хотелось отметить отличия между видами *S. tatarica tatarica* и *S. tatarica mongolica*. Первое отличие – это распространение животных. *S. tatarica tatarica* обитает в Центральной Азии, включая Казахстан, а *S. tatarica mongolica* населяет более восточные территории, такие как Монголия. Так же животные имеют небольшое отличие по морфологическим признакам: *S. tatarica tatarica* обычно имеют более длинный и изогнутый вниз нос по сравнению с *S. tatarica mongolica*. *S. tatarica mongolica* имеют иную форму

рогов и размеры.

Популяции *S. tatarica tatarica* могут мигрировать на значительные расстояния в поисках пастбищ и мест для размножения, в то время как *S. tatarica mongolica* тоже подвергаются сезонным миграциям, но маршруты и характер их миграции могут различаться.

И в заключении стоит отметить различия мест обитания животных. *S. tatarica tatarica* предпочитают степные и полупустынные районы Центральной Азии, а *S. tatarica mongolica* предпочитают более влажные и гористые области, характерные для восточных регионов.

Исключительная природа и экологическая роль обоих подвидов делают их объектами внимания для научных исследований и мер по сохранению в целях поддержания биоразнообразия.

Сайгаки, особенно подвид *S. tatarica tatarica*, являются объектом внимания многих научных исследований, в результате которых ученые пытаются понять их уникальную способность к адаптации в условиях переменчивой степной среды, биологические особенности и т.д. Научные исследования посвящены не только охране этого вида, но и глубокому пониманию его влияния на экосистему Центральной Азии. К основным исследованиям можно отнести:



1. Способность адаптации к степным условиям. Исследования направлены на понимание, как *S. tatarica tatarica* приспособлены к жизни в степи. Ученые изучают уникальное строение и функции их носа, который служит не только фильтром для воздуха, но и инструментом для регуляции температуры вдыхаемого воздуха в холодные месяцы.

2. Миграция и поведение. Сезонные миграции представляют собой предмет длительных исследований. Спутниковые метки, радиомаяки и другие современные технологии помогают ученым отслеживать маршруты миграций, выявлять ключевые точки остановок и понимать факторы, влияющие на их решение о перемещении.

3. Научные исследования, направленные на изучение сезонных различий в стратегиях размножения, а также влияния климатических изменений на репродуктивное поведение. Эти исследования важны для разработки эффективных стратегий сохранения животных.

4. Генетика и геномика. Генетические исследования помогают определить генетическое разнообразие популяций и выявить гены, связанные с адаптацией к среде обитания. Это имеет критическое значение для оценки

устойчивости популяций и разработки программ по сохранению.

Стоит отметить, что в Западно-Казахстанском аграрно-техническом университете им. Жангир хана с 2023 года реализуется проект AP19577569 «Молекулярно-генетический анализ генофонда казахстанских популяций *Saiga tatarica tatarica* на основе полногеномного SNP-генотипирования», направленный на изучение особенностей и описание характеристики аллелофонда казахстанских популяций *S. tatarica tatarica* на основе данных SNP-генотипирования с широким покрытием генома в аспекте сохранения данного вида животных.

Реализация данного проекта даст почву для более широкого понимания генетической структуры казахстанской популяции сайгаков, что в свою очередь позволит разработать эффективные научные рекомендации по сохранению вида, создаст необходимую научную базу.

Кроме этого на базе университета функционирует питомник «Ақбөкен», в котором проводятся исследования по различным направлениям, таких как, отработка технологии кормления молодняка сайги, ветеринарные мероприятия и др.



Список источников

Milner-Gulland E.J., Hughes P., Быкова Е., Buuveibaatar B., Chimeddorj B., Каримова Т., Лущекина А., Салемгареев А., von Meibom S., Zuther S. (2020). Устойчивое использование антилопы сайги: обзор и перспективы. Предварительный отчет для Конвенции ООН по сохранению мигрирующих видов диких животных и Федерального агентства по охране природы Германии

Александр КОВАЛЬЧУК,
Заведующий лаборатории «Биотехнологии и диагностики инфекционных болезней»

Тәрбие негізі – ұлттық құндылықтарда

Бүгінгі күнде заманауи қоғам алдында тұрған кез-келген мәселені шешу барысында ұлттық мүддені елеп-ескермеу мүмкін емес. Әсіресе ұлттық тәрбиеге қатысты мәселелерді шешуде бұл өте маңызды.

Ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу – бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Өйткені қазақ қоғамының дінге осы құндылықтарда жатыр. Ал отбасы тәрбиесінде ұлттық құндылықтарға қанық болып өскен баланың ұстанымы мықты болады. Отбасылық құндылықтарды меңгерген перзент өсе келе ұлттық құндылықтарды да бабында игереді. Отанның ұлы ұғым екенін түсініп, елінің қорғанына айналады. Ұлт мүддесін, өз мүддесінен биік қояды. Міне, «ел боламын десең, бесіңді түзе» деген сөз осыдан калған.

Әрбір ұлттың қай кезеңде болмасын алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Болашақ қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өресі озық азамат етіп тәрбиелеу – аға буынның қоғам алдындағы зор борышы. Ал жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтық салт-дәстүрлердің тәлім-тәрбиелік, танымдық рөлі орасан

зор.

Қазақ отбасындағы тәрбие белгілі бір қағидаларға негізделген. Отбасы тәрбиесінде үлкенге құрмет көрсету – басты қағида саналған. Қазақ халқында әрбір шаңырақтың ең құрметті, сыйлы иесі – атасы мен әжесі болып табылады. Сондықтан болар «Қариясы бар үйдің – қазынасы бар» деп, оларды қадір тұтқан. Халқымыз «Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар», «Үлкен тұрып, кіші сөйлегеннен без, апа тұрып сіңлі сөйлегеннен без», «Ағаға қарап іні өсер, апаға қарап сіңлі өсер» деп тегін айтпаған. Туысқандар арасындағы өнегелі қарым-қатынас үлкенді-кішілі адамдардың өзара сыйласуынан, қайырымдылығынан, кішіпейілділігінен, адалдығынан туындайды. Жас ұрпақтың мінез-құлқының қалыптасуы өскен ортасының өнегесі мен алған тәрбиесіне байланысты. Сондықтан да қазақ ежелден аға мен іні, апа мен сіңлі арасындағы татулықты, бауырмалдықты насихаттап отырған.

Қазақ халқында бала тәрбиесін дұрыс жолға салудың тағы бір жолы – тәрбиенің халықтық қағидасы негізінде жүзеге асырылады. Қазақ халқы бала тәрбиелеу мәселесіне ерекше мән беріп, оларды оның тек ата-анасы ғана емес, бүкіл ауыл болып тәрбиелегендігі белгілі. Сондықтан дүниеге келген сәбиге бүкіл ауыл, тума-туысқандар

болып көңіл бөлген. Азан шақырып атын қойғаннан – ержетіп отау тіккенге дейінгі бала өмірінің әрбір белесі мен асқан асуы туыстар тарапынан атаусыз, ескерусіз қалған емес. Міне, сондықтан бала тәрбиесі бұрынғы қазақ ауылында бір үй адамдарының тілек-талабы мен мүдделерінің деңгейінен асып түсіп, қоғамдық, әлеуметтік сипатқа ие болған.

Қазақ халқының тумасынан пайымы жақсы дамыған. Қазақ халқы баланы тәрбиелеуде мақал-мәтелдерді, термелер мен жырларды, тыйымдар мен ырымдарды пайдаланғанда, оның тек сөздік әсерін ғана емес, оның астарына мән беріп, балаларды пайымдағыштыққа тәрбиелеуді мақсат тұтқан. Сөз қадірін біліп, оның астарын ұғу үшін көптеген мысалдар мен әңгімелер айтып, олардың ойының дамуына әсер еткен.

Халықтың көпжасарлық мәдениеті – ұлттық тәрбиенің ықпалды да сарқылмас қайнар көзі. Әр халықтың мәдениеті тек сол халыққа ғана тән тұрмыс-тіршілік, салт-дәстүр ерекшеліктерін бейнелеп, тарих жолында өзінің қайталанбас іздерін қалдырады. Ғасырлар бойы жинақталған тәжірибе – халық игілігі. Оны келешек ұрпақ үшін қастерлеп сақтау – қазіргі буынның міндеті.

Джанаргул МУТАЛОВА,
«Рухани жаңғыру» орталығының
аға оқытушысы

Студент қаламынан



Гүлсезім ЖАНАЙДАРОВА,
Агротехнологиялық институтының
1-курс студенті

Ауылым

Ойлансам ауыл халқы, қонақ жайлы,
Туыс етер өзіне бар маңайды.
Несіне өлең жазып шабыттанам,
Біреуі егер болмаса ауыл жайлы.
Жүрсек те арман қуып біз қалада,
Ауылың бір аңсаптай тұрады ма.
Қанша атақты болсаң да бұл қалада,
Түп-тамырың байланған сол ауылға.
Түңілуді білдіртпей кешкен күнің,
Сонда шығар мына сенің құдіретің.
Өрістен кеште келер малды күтіп,
Есімде түгендетіп, жүгірткенің.
Біздің ауыл, шіркін-ай, көркем неткен,
Қызғалдағы құлпырған көктем леппен.
Жұпар исі аңқыған ауылым-ай,
Сағынтады ерекше әр күндерің!

Менің университетім

Алғаш келген күнім әлі есімде,
Жат көріп ем адасып,
Іштей мұңды сезіне.
«Әттен...», «шіркін...» деген ойлар мазалап
Сіңіп кеттім ортама сөйтіп жүргенде.
Бауыр бастым, ашылдым, кейін үйрендім,
Бүгінде, міне, еркін күйге бөлендім.
Енді жүрмін әр күніме қуанып,
БҚАТУ-дың студенті атанып.
Оқытушы тәжірибелі, көп көрген,
Білсін, көрсін, үйренсін деп жүгірген.
Студенттер келген кезде алдына,
Бар зейінін салып тұрып үйреткен.
Қолдаушылар көп екенін ұғынғам,
Оқуға құштар, білімге құштар жан болсам.
Оқытумен студентті шектелмей,
Небір түрлі дарындарды оздырған.
Әр үздігі оза шауып бәйге алса,
Жәңгірхандық жастар атын шығарса.
Сол жалынды таланттардың ақ жолы,
Ізін басқан мына бізге бұйырса.

Досжан жүлделі орыннан көрінді

Жәңгір хан университетінің спортшы студенттерінің бірі – Досжан Утепкалиевтің қоржынына тағы бір жүлде түсті.



«Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасында оқитын Досжан Утепкалиев жуырда Алматыда өткен 17 жасқа дейінгі юниорлар және 23 жасқа дейінгі спортшылар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатында өз бағын сынаған болатын. Нәтижесінде 60 келі салмақ дәрежесі бойынша грек-рим күресінен боз кілемде белдескен Досжан жүлделі ІІ орынды жеңіп алды.

Media Club-қа келіңіз!

Жәңгір хан университетіндегі белсенді жастардың басын қосатын клубтардың бірі – Media Club.

2022 жылы ашылған бұл клубтың негізгі мақсаты – студенттердің қызықты студенттік өмірін көрсету, университет қабырғасында жақсы естеліктер қалдыру, студенттердің қызығушылықтарын арттыру, білім ордасының беделін көтеру. Бұл клубтың

мүшелері – университеттің ақпарат ағынының бел ортасында жүреді десек, қателеспейміз. Себебі біздер ұялы телефонмен, фотоаппаратпен, бейнекамерамен жұмыс жасаймыз. Үйренеміз және үйретеміз. Біздің арамызда мобилограф, СММ, контентмейкерлер бар.



"MEDIA CLUB"

ЖАҒАЛЫҚТАРДАН ҚАЛМА
БІЗБЕН БАЙЛАНЫСУ ҮШІН:


TELEGRAM:



INSTAGRAM:



TIKTOK:



Университетімізде ұйымдастырылатын жарқын іс-шараларды таспаға түсіріп, оларды қызықты етіп монтаждау жұмыстары да – біздің құзырымыздағы істер. Әлеуметтік желілерде, әсіресе TikTok желісінде университет өміріне қатысты қызықты бейнеүзіктермен бөлісеміз.

Құрметті достар! Сіздер де біздің қатарымызға қосыл-ғыларыңыз келсе, күтеміз!

Бас ғимарат, 2-қабат, 227-кабинет

Меншік иесі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті.
Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа орталығының директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА

Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 577 Қолжазба авторға қайтарылмайды. Деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы,
Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 206-бөлме
1-42
info_zkatu@mail.ru